

Шахтинск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 3 қазандағы № 284/5 "Шетелдіктер үшін арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы" шешіміне өзгерту енгізу туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2024 жылғы 27 наурыздағы № 324/9 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 1 сәуірде № 6580-09 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Шахтинск қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шахтинск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 3 қазандағы № 284/5 "Шетелдіктер үшін арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6497-09 болып тіркелді) келесі өзгерту енгізілсін:

шешімнің 1 тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

"1. Шахтинск қаласында, Долинка, Новодолинский, Шахан кенттерінде хостелдерді, қонақ үйлерді, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында шетелдіктер үшін 2024 жылға арналған туристік жарна мөлшері болу құнының 0 (нөл) пайызы мөлшерінде бекітілсін."

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Шахтинск қалалық мәслихатының төрағасы

Ж. Мамерханова